**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 5-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 қаңтарда № 10072 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 28.11.2015 № 11-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) туралы ереженің 19-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы нормативтік қаулыны Есеп комитетінің Интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі.

*Төрағаның*

*міндетін атқарушы* *И. Ақпомбаев*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген

**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8466 тіркелген , «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 5 маусымда № 141 (28080); 2013 жылғы 19 маусымда № 151 (28090), 2014 жылғы 22 қазанда № 206 (28429) жарияланған):

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасында:

56-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруды, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың заңнама нормаларына, соның ішінде оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге және пайдалануға байланысты сәйкестігі;»;

71-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда, бақылаушылар осы Қағидаға 14-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акт жасап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.»;

3-параграфтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру,сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын

анықталып отырған фактілер бойынша дәлелдер жинау»;

93, 94-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«93. Егер бақылау объектісінің басшысы Бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да Бюджет кодексінің 146-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, бақылаушы – анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, оның жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзім шегінде ол ұсынылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

94. Бақылау жүргізу барысында бюджет қаражатын пайдалану саласында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама дереу тиісті тексеру аяқталғаннан кейін толтырылады. Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптаманың қорытындысы алынған күнінен бастап ,екі тәулік ішінде толтырылады.»;

95-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«95. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-де көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.»;

98-тармақ алынып тасталсын;

99-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«99. Бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, бақылаушылар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) беру үшін құқық бұзушылыққа жол берген адамнан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен немесе ұйымның мөрімен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:»;

190-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«190. Есеп комитетіне келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтарды Есеп

комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылаушылармен, бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерімен, бақылауды жүзеге асыруға тартылған сарапшылармен, мемлекеттік органдардың мамандарымен, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлерімен бірге бақылау іс-шарасы бойынша тексеру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды, содан кейін бақылау объектісіне қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, дәлелді жауап береді. Бақылау объектісінің бақылау актісіне ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындалмастан назарға алынады.»;

225-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«225. Бақылау объектісі Есеп комитеті Қаулыларының (Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімде ұсынбаған жағдайда, Есеп комитетінің мүшесі бақылау объектісіне кемінде екі жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде почтамен әкімшілік жауапкершілік туралы ескерту жолдайды.»;

13-қосымшада:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бақылау актісін жүргізілген бақылау нәтижелерімен танысуға берген күннен бастап үш күн мерзімде белгіленген тәртіппен бақылау актісіне қол қоюға міндетті. Нәтижелермен келіспеген жағдайда, бақылау актісіне қарсылықтың болғаны туралы ескертпемен қол қойылады. Қарсылықтар бақылау актісіне қоса беріледі немесе бақылау актісі танысуға және қол қоюға берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынылады.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджет кодексінің 149-бабы 2-тармағының негізінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына бақылау жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, бақылауды жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырады.»;

22-қосымшада:

Сапаны бақылауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 18-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Жиынтық тізілімге, Қорытындының тұжырымдары мен ұсыныстарына заң сараптамасын жүргізу кезінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше құжаттардың қажетті тізбесінің және бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының әрекеттерінде Қазақстан

Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыс белгілерінің бар-жоғын қарайды.»;

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасында:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиімділікті бақылау – сәйкестікке бақылау жасау және қаржылық есептілікті бақылау негізінде жүргізілетін бағалау, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануды бағалау, сондай-ақ мемлекеттік орган және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе жеке алғанда экономика саласының, әлеуметтік саланың, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының дамуына тигізетін әсерін кешенді және объективті талдау;»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Бақылау жергілікті бюджеттің атқарылуын, бюджеттік бағдарламалардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының іске асырылуын, бюджет процесіне қатысушылардың, сондай-ақ басқа да бюджет қаражатын алушылардың, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын, бюджеттік инвестицияларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – бақылау объектілері) оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты заңнамалардың нормаларын сақтауын мониторингтеу, салыстыру, бағалау және талдау жүйесі қолданыла отырып жүргізіледі.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Деректер базасы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бұрын жүргізген бақылау іс-шараларының нәтижелерін көрсете отырып, ағымдағы, күрделі шығындардың түрлері бойынша жергілікті атқарушы органдардың және басқа да бюджет қаражатын алушылардың, салықтық және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің бөлінісінде ББӘ, бюджеттік бағдарламалар жөніндегі ақпаратты қамтиды. Сондай-ақ деректер базасында бағдарламалық құжаттардың (аумақтарды дамыту бағдарламаларының ) және инвестициялық жобалардың іске асырылуы көрсетіледі.»;

46-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

48-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;»;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
«5-1) жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңға (облыстық мәслихат шешіміне) сәйкес, шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі;»;
49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«49. Сәйкестікке бақылау жасау кезінде Бақылау бағдарламасында бюджет, салық заңнамасы нормаларының, бақылау объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер ережелерінің, қаржылық есептілікті ұйымдастырудың, жасаудың және ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуы мәселелері қамтылады.»;
52-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Аумақтарды дамыту бағдарламаларын бағалаудың критерийлерін айқындау кезінде «Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы» Есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-қ қаулысын басшылыққа алған жөн ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6371 тіркелген ).»;
61-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«61. Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда, бақылаушылар осы Қағидаға 13-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акт жасап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.»;
3-параграфтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру, сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын анықталып отырған фактілер бойынша дәлелдер жинау»;
82, 83-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«82. Егер бақылау объектісінің басшысы Бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да Бюджет кодексінің 146-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, бақылаушы – анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, ол ұсынылған күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде заң қызметімен (

заңгермен) келіседі.

83. Бақылау жүргізу барысында бюджет қаражатын пайдалану саласында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама дереу тиісті тексеру аяқталғаннан кейін толтырылады. Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптаманың қорытындысы алынған күнінен бастап ,екі тәулік ішінде толтырылады.»;

84-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«84. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-де көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.»;

87-тармақ алынып тасталсын:

88-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«88. Бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, бақылаушылар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) беру үшін құқық бұзушылыққа жол берген адамнан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен немесе ұйымның мөрімен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:»;

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«100. Кешенді бақылауға қойылған міндеттерді іске асыруға тартылған басқа да бақылау объектілерін қамти отырып, бақылау объектілерінің нақты кезеңдегі барлық мәселелер бойынша қызметі жатады, оның нәтижелері бойынша мемлекеттің барлық ресурстарының, қаржы және өзге активтерінің пайдаланылуына, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджеттік бағдарламаларды, қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру бойынша басқа мемлекеттік органдар – бірлесіп орындаушылармен үйлестіруге және өзара іс-қимылдарына, мемлекеттік функциялардың орындалуына және мемлекеттік қызметтердің көрсетілуіне, бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуына және (немесе) есепке жатқызылуына баға беріледі.»;

150-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«150. Тексеру комиссиясына келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтарды Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі Тексеру комиссиясының бақылаушыларын тарта отырып, бақылау іс-шарасы бойынша тексеру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды және осыдан кейін бақылау объектісіне қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдері көрсетілген дәлелді жауап жібереді. Бақылау объектісінің бақылау актісіне ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындамастан назарға алынады.»;

мынадай мазмұндағы 156-1-тармағымен толықтырылсын:

«156-1. Бірлескен бақылаудың қорытындысы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатына жеке-жеке жиынтық тізілім қалыптастырылады.»;

165, 166, 167, 168, 169-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«165. Қорытындыға бақылау объектісінің осы Қағидада белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

166. Бақылаудың нәтижелері бақылау бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылаудың үлгісіне, түріне және объектісіне сәйкес жүйеге келтіріліп, мына бағыттар:

1) аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органның аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға немесе жекелеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған қызметі;

3) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттерді байланысты гранттарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын игерудің, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің, мемлекет активтерін пайдаланудың нәтижелілігі дәрежесі;

4) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығы;

5) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түскен қаражат түсімдері бойынша бақылау нәтижелері;

6) Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалу сапасын постбақылаудың нәтижелері бойынша көрсетіледі.

167. Қорытынды Тексеру комиссиясы қаулысының (ұсынымының) жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

168. Тексеру комиссиясының қаулысы әкімшілік рәсімдер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

169. Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындылары қаралады. Қаулы бақылауға жауапты лауазымды адамның ақпаратын тыңдаудың қорытындысы бойынша қабылданады.»;

182-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«182. Бақылау объектісі Тексеру комиссиясы Қаулыларының (Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау объектісіне кемінде екі жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде почтамен әкімшілік жауапкершілік туралы ескерту жолдайды.»;

4-қосымша осы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сай редакцияда жазылсын;

6-қосымшада:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

(аумақтарды дамыту бағдарламасына бағалау жүргізген жағдайда, аумақтарды дамыту бағдарламасын іске асыруға арналған жоспарлы шығыстар – қаржыландыру көздері бөлінісінде, бекітілген сомалар – Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай, нақты бөлінген және игерілген сомалар – жылдар бөлінісінде, қаржыландыру көлемі, нақтыланған, түзетілген және игерілген сомалары көрсетіле отырып, бюджеттік бағдарламалар – жылдар бөлінісінде, бағдарламаның жоспарланғандарының ішінде қол жеткізілген нысаналы индикаторларының, нәтижелер көрсеткіштерінің саны - кезеңдер бөлінісінде көрсетіледі, қол жеткізілмеген жағдайда себептері, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалған/орындалмаған іс-шараларының саны көрсетіледі, егер орындалмаған жағдайда себептері көрсетіледі).»;

8-қосымшада:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аумақтарды дамыту бағдарламалары мен бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау;»;

12-қосымшада:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жүргізілген бақылау нәтижелерімен танысуға бақылау актісін берген күннен бастап үш күн мерзімде белгіленген тәртіппен бақылау актісіне қол қоюға міндетті. Нәтижелермен келіспеген жағдайда, бақылау актісіне

қарсылықтың болғаны туралы ескертпемен қол қойылады. Қарсылықтар бақылау актісіне қоса беріледі немесе бақылау актісі танысуға және қол қоюға берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынылады.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджет кодексінің 149-бабы 2-тармағының негізінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына бақылау жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, бақылауды жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырады.»;

16-қосымша осы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға 2-қосымшаға сай редакцияда жазылсын;

19-қосымшада:

Сапаны бақылауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 16-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Жиынтық тізілімге, Қорытындының тұжырымдары мен ұсыныстарына заң сараптамасын жүргізу кезінде заң қызметі (заңгер) құжаттардың тізбесінің және бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының әрекеттерінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыс белгілерінің бар-жоғын қарайды.»;

20-қосымшада:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. «Тұжырымдар».

Бөлімде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы көрсетіле отырып, жүргізілген бақылаудың мәселелері бойынша бақылау объектісі қызметінің нәтижелерін жалпы бағалау көрсетіледі. Бақылау бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылаудың үлгісіне, түріне және объектісіне қарай бюджеттің атқарылуын, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін, мемлекеттік органдардың ( бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) қызметін, жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуын және (немесе) есепке жатқызылуын, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін, байланысты гранттарды, жергілікті атқарушы органдар қарыздарын тиімді пайдаланудың қамтамасыз етілуін бағалау, сондай-ақ анықталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің себептері және олардың әкелетін салдарлары көрсетіледі.».

2. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі

есеп комитеті Төрағасының 28.11.2015 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың кейбір мәселелері туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 1-НП нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7164 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 24 қыркүйекте № 453-456 (26849), 2012 жылғы 9 тамызда № 483-488 (27561), 2013 жылғы 3 тамызда № 182 (28121), 2014 жылғы 29 наурызда № 61 (28285) жарияланған):

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ережеде:

18-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексінде көзделген өкілеттіктер шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыруға;».

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 5-НҚ қаулысымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға
1-қосымша
Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
4-қосымша

## Бақылау объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің базалық тізбесі*

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| | |

| | |
|---|---|
| 1. Сәйкестікке бақылау жасау (жалпы мәселелер)** | |
| | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқы жүйелер) |
| Бақылау объектісінің қызметі | Бақылау объектісінің құрылтай құжаттары (Ер Жарғы және бақылау объектісінің қызме регламенттейтін басқа да құжаттар) ақпараттық-құқықтық жүйелер, бақылау объекті ақпарат сұрату) |
| | Аумақтық бөлімшелерді және ведомстволық бағын ұйымдарды қоса алғанда, бақылау объектіс құрылымы (бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| | Құқық қорғау органдарының құқық белгілейтін жән де бастапқы құжаттарды алып қоюы |
| Бақылау объектісі бойынша алдыңғы бақылау нәтижелері | Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақ актілері, бақылау объектісінің бақылау қорытынд бойынша қабылдаған шаралары (бақылау объекті ақпарат сұрату, ақпарат) |
| Бақылау объектісінің ішкі бақылау қызметінің жұмысы | Ішкі бақылау қызметінің ережесі, бақыл іс-шараларының жылдық жоспары, ішкі бақы нәтижелері туралы есептер (бақылау объектіс ақпарат сұрату), ішкі бақылау қызметінің жұм туралы жиынтық ақпарат |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақтылы және сапалы орындауы | Бекітілген, нақтыланған, түзетілген бюджетті, бюд бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбе міндеттемелер және (немесе) төленген міндеттеме көрсете отырып, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша тиісті есепті жылға жергіл бюджеттің атқарылуы туралы Бухгалтерлік есеп деректері, аумақтық қазынаш органдарында тіркелген шарттар, шарттың тірк туралы хабарламалар, төлемдер бойынша қаржыла жоспары, тауарларды жеткізу немесе орында жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актілері ту шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (акті көшірмелері (бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Мемлекеттік сатып алу өткізудің жоспарланған тәсілдері, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспа мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жоспа бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Есепті кезеңдегі барлық операциялардың толықтығы мен анықтығы, есепті кезеңдерге кірістер мен шығыстарды жатқызудың дұрыстығы | Бақылау объектісінің қаржылық есептілігі (№ 1 ны Бухгалтерлік баланс», № 2 нысан «Активтер міндеттемелердегі өзгерістер туралы есеп», № 3 ны Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік меке шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», № 4 н «Түсіндірме жазба», қаржыландыру жоспары орындалуы туралы есеп (бақылау объектісінен ақ сұрату) |
| | Тексерілетін бақылау объектісінің ақпараттық база ресми статистикалық деректер, БАҚ-тың және бас көздердің деректері |
| | |

| | |
|---|---|
| Бақылау объектісі туралы жинақталған ақпарат | Бақылау объектілерінің лауазымды адамдары әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты жеке және з тұлғалардың өтініштері (шағымдары) (болған кезде |
| а) бюджет қаражатын әкімшілік шығыстарға пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылау (жалпыға қосымша мәселелер) | |
| Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау | Бюджеттік өтінімдер, бюджет комиссиясын қорытындысы (бақылау объектісінен ақпарат сұрату |
| Қаражатты жалақы төлеуге пайдаланудың дұрыстығы, лауазымдық айлықақыны, жалақыға үстемеақыны (қосымша ақыны) белгілеудің дұрыстығы | Салалық келісім (ұжымдық шарт), штат кест есеп-төлем ведомостары (бақылау объектісінен ақ сұрату) |
| Қаражатты ғимараттар мен құрылыстарды салуға, реконструкциялауға және күрделі жөндеуге пайдаланудың дұрыстығы | Ғимараттарды салу, реконструкциялау және күр жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттам мемлекеттік сараптама жасау қорытындыс жобалау-сметалық құжаттама (бақылау объектіс ақпарат сұрату) |
| | Құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған шарт инжинирингтік қызметтерді жүргізу шарттары (бақ объектісінен ақпарат сұрату) |
| | № 3 нысан «Орындалған құрылыс-монт жұмыстарының құны туралы анықтама» қорытындысымен, № 2 нысан, материалда сертификаттар (бақылау объектісінен ақпарат сұрат |
| Мемлекеттік меншіктегі тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің негізділігі, жалдау ақысының есептік мөлшерлемесін және қолданылатын коэффициенттердің көлемін белгілеудің дұрыстығы | Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты, республик мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ке бекітілген базалық мөлшерлеме және құрылыс ү тұрғын емес үй-жайдың түрі, жайлылық дәреж аумақтық орналасуы, жалдаушы қызметінің т жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескер қолданылатын коэффициенттердің мөлшерлері нег жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебі, жалдау ақ бойынша төлем құжаттары (бақылау объектіс ақпарат сұрату) |
| б) мемлекеттік сатып алуға бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың ҚР заңнамасына сәйкестігін бақылау (жал қосымша мәселелер) | |
| Жоспарланған көрсеткіштермен салыстырғанда, өткізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың нақты деректері, мемлекеттік сатып алу жоспарын орындаудан ауытқу себептерін талдау | Тәсілдер, лоттар, өнім берушілер, ұтып алған сом бөлінісінде өткізілген мемлекеттік сатып алу ту ақпарат, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар (ба объектісінен ақпарат сұрату) |
| Осы Заңның өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормалары қолданылмай жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу | Негіздемені, өнім берушіні және жасалатын шар сомасын көрсете отырып, мемлекеттік сатып заңнамасының нормалары қолданылмай жүз асырылатын мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсі бойынша ақпарат, мемлекеттік сатып алу тур шарттар (бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Шарттардың орындалуын бақылау, енгізілген өзгерістердің негізділігі, талап қою-қуыну жұмыстарын жүргізу, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаудың, тауарларды жеткізудің толықтығы | Мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шар жөнінде ақпарат, өзгерістер мен толықтырулар енгі себептері көрсетіле отырып, өзгерістер м толықтырулар енгізілген шарттар бойынша ақпар жүзінде орындалған жұмыстар, жеткізілген тауа туралы ақпарат, орындалған жұмыстар актілері (бақ объектісінен ақпарат сұрату) |

| | |
|---|---|
| в) бюджет қаражатын, соның ішінде нысаналы трансферттерді пайдаланудың ҚР заңнамасына сәйкестігін бақы жалпыға қосымша мәселелер) | |
| Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді әзірлеу тәртібін сақтау, жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасындағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жасаудың уақтылылығы | Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарл әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы орган арасындағы нысаналы трансферттер бойынша нәти туралы келісім (бақылау объектісінен ақпарат сұрат |
| Қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін сақтау | Нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізу тур аралық, қорытынды есеп (бақылау объектісінен ақ сұрату) |
| Облыстық бюджеттер мен Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған және толық пайдаланылмаған сомаларын республикалық бюджетке қайтаруының толықтығы және уақтылылығы | Облыстық бюджеттер мен Астана және Алм қалалары бюджеттерінің нысаналы трансфертте пайдаланылмаған және толық пайдаланылма сомаларын республикалық бюджетке қайтаруы ту ақпарат, нысаналы трансферттер қаражат республикалық бюджетке қайтаруға төлем шотт бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерінің есебінен іске асырылатын жобаларды мониторингтеу және іске асырылуын бағалау | Бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне облыстар Астана мен Алматы қалалары, аудандар әкімде тікелей және түпкілікті нәтижелер, бөлінген ныса трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізі сапалық және тиімділік көрсеткіштері тура қорытынды есептері (бақылау объектісінен ақп сұрату) |
| Бұрын пайдаланылмаған нысаналы трансферттер сомаларын жергілікті атқарушы органдардың толық пайдалануы | Нысаналы трансферттер қаражатын толық пайдала рұқсат ету туралы мәслихаттар мен әкімде қабылдаған шешімдері, ҚР Үкіметінің қаулыл бақылау объектісінен ақпарат сұрат ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| г) бюджет қаражатын, соның ішінде кредиттерді, байланысты гранттарды, жергілікті атқарушы органдар қарыздарын, бюджеттік инвестицияларды пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақ (жалпыға қосымша мәселелер) | |
| Байланысты гранттарды тарту және пайдалану | Байланысты грант туралы келісім (бақылау объекті ақпарат сұрату) |
| Байланысты гранттарды пайдалану: бюджет комиссиясының байланысты гранттарды тартуының орындылығы; байланысты гранттарды пайдаланудың жоспарланған және қол жеткізілген нәтижелерін салыстыру; байланысты гранттарды пайдалануға әсер еткен әртүрлі сыртқы факторларды мониторингтеу және талдау | Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына жұм бағыттары бойынша байланысты гранттар сома міндетті бөле отырып, алынған және пайдаланы байланысты гранттар туралы ақпарат, байлань гранттарды пайдалану бойынша нәтижелерге қол ж жөніндегі есеп, байланысты гранттарды пайдалан мониторингі (бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Кредиттік шарт талаптарын орындау (нысаналы пайдалану, түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру мерзімдері, кредитті өтеудің уақтылылығы және толықтығы, сыйақыларды есептеу мөлшерлемелері және тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттемелері, шарт талаптарын орындамаған кездегі айыппұлдар). Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына | Кредит берушінің, бюджеттік бағдарламалар әкімш және қарыз алушының арасындағы кредит бер талаптары мен мақсаттарын көздейтін кредиттік ша сенімгер агенттер қызметін төлеу бойынша тө құжаттары, кредитті өтеу бойынша төлем құжат бюджеттік кредитті беру тәсілі, бюджеттік кредитт |

| | |
|---|---|
| қатысу мақсатында бюджеттік кредиттер беру, қарыз алушылардың шаруашылық қызметінің шығындарын өтеу, сенімгер (агенттер) қызметін төлеу жағдайларының болуы | және қызмет көрсету кестесі, бюджеттік кредит бой міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіл бақылау объектісінен ақпарат сұрату) |
| Бюджеттік кредитті пайдалану, қызмет көрсету | Бюджеттік кредиттерді нысаналы және тиімді пайд өтеу және қызмет көрсету туралы ақпарат, белгіл кезең уақытында сыйақыларды, кредиттік ш талаптарына сәйкес өзге де төлемдерді жинақтап жөніндегі ақпарат (бақылау объектісінен ақпарат сұ |
| Бюджеттік кредитті өтеу. Қарыз алушылармен есеп айырысуды жүргізу, бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға мониторинг жүргізу, қарыз алушылардың қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу және талдау, берешекті өндіріп алу | Бюджеттік кредит беруге байланысты тапсырмал сенімгер агенттің орындау шарттары, тапсырмал сенімгердің (агенттің) орындағаны үшін сыйақ төлеу мөлшері, бюджеттік кредит бойынша бере бюджеттік кредитті өтеу есебінен мемлекеттік мен айналдырылатын мүлікке бағалау жүргізуге арна шығыстар төлемі, бюджеттік кредитті қайта құру ту шешім, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанын консультативтік-кеңесші органның оң қорытынд кредиттік шартқа қосымша келісім, қарыз алушыла сенімгерлер (агенттер) бөлінісінде берілген бар бюджеттік кредиттердің тізілімі (бақылау объекті ақпарат сұрату) |
| Қарыз алушының қарыз берушінің алдындағы қарыз қаражатын қайтару және сыйақылар төлеу, сондай-ақ қарызға байланысты басқа да төлемдер бойынша міндеттемелерін орындауы | Өтеу кестелері, сыйақылар төлемі және жергі уәкілетті орган бюджеттің атқарылуы бойынша тір басқа да қосымшаларды қоса алғанда, қол қойы қарыз шарттары (бақылау объектісінен ақпарат сұра |
